

«БИ-СҰЛТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУДА ГРАН-ПРИ ИЕЛЕНДІ



Университетіміздің «Би-Сұлтан» би ансамблі Республикалық «Turan Dance» би байқауында Гран-при игері атанды. Мың бұралған бишілерміз «Заманауи би» жанры бойынша жоғары деңгейде өнер көрсетті.

«Turan Dance» байқауы – ұлттық би өнерін дәріптеумен қатар, еліміздің әр өңірінен келген бишілер арасындағы шығармашылық байланысты нығайту, тәжірибе алмасу және би өнеріндегі жаңа таланттарды тану алаңына айналды.

Айтулы байқауға еліміздің әр өңірінен келген кәсіби би ұжымдары қатысты. Ал, қазылар алқасы бишілердің техникасы мен хореографиясына, эмоциялық әсері мен музыканы сезінуіне және қозғалыс динамикасына баса назар аударып, жеңімпаздарды анықтады.

Университетіміздің мақтанышына айналған «Би-Сұлтан» бишілері жеңіс тұғырынан көрініп, 1,5 миллион теңге қаржылай сыйлыққа ие болды.

Айта кетейік, «Би-Сұлтан» – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің шешімімен «Халықтық» атағына ие болған, университетіміздің Мәдениет орталығының жанынан ашылған би ансамблі. Көптеген халықаралық және республикалық би жарыстарында топ жарып жүрген өнерлі жастардың ортасы, оқу орда мақтанышы. Жетекшісі – ҚР үздік хореографы, ҚР мәдениет қайраткері Тәуекелова Гүлназия Есенгелдіқызы.

«Бисұлтан» – өзіндік ерекшеліктері мен жетістіктері бар халықтық би ансамблі.

Шығармашылық ұжым талай сахналарда тағлымды өнер

көрсетіп жүр. Би ансамблінің бұған дейін қазақтың қилы тағдырын, қуанышы мен жұбанышын, тәуелсіздіктің жолында қаза болған ұлт жанашырларын, ғасырлар қойнауында жатқан төл тарихы мен қилы тағдырын бейнелеген хореографиялық қойылымдары көпшіліктің есінде.

Талай халықаралық және республикалық өнер сайыстарында топ жарып жүрген оқу ордамыздың мақтанышына айналған ансамбльді өткен жылы Үндістанның «Оңтүстік» мәдени-жастар қайырымдылық клубы арнайы шақырған болатын. Үндістандық көрермен қазақ өнері мен мәдениетіне тәнті болып жатқанын үнді баспасөздері жарыса жазды.

«Ясауи ақпарат»

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ

Ғылыми-техникалық прогресс жаһандық экономиканың сипаты мен адамдардың тұрмыс салтының жылдам өзгеруіне ықпал етіп отыр. Күні кеше ғана қиял-ғажайып болып көрінген технологиялар бүгін шындыққа айналуда. Мұндай жағдайда еліміздің технологиялық және ғылыми-инновациялық дербестігін нығайту үшін бізге барлық мүмкіндікті пайдалану маңызды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 12 сәуір 2024 жылғы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында «Қазақстан Еуразиядағы ең ірі цифрлық хабтардың біріне айналуға тиіс. Оған еліміздің әлеуеті толық жетеді. Мақсатқа жету үшін жасанды интеллектті барлық салаға жылдам енгізу қажет» деген болатын. ЖИ-ді дамыту мәселесіне арнайы тоқталған Мемлекет басшысы жасанды интеллектті ісінде елдің кадрлық әлеуеті маңызды рөл атқаратынын жеткізді.

Қазақстанда жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында белсенді түрде дамып келеді. Үкіметтің 5 жылдық тұжырымдамасы аясында 15 жоғары оқу орнында жасанды интеллект бойынша 20 білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда, онда 2000-нан астам студент білім алуда. Жасанды интеллект мұғалімдерге сабақ жоспарларын әзірлеуден бастап оқушылардың жеке даму траекторияларын анықтауға дейінгі көмекші құрал ретінде қарастырылады. Білім беру саласына технологияны енгізу педагогтардың рөлін өзгертіп, оқу үрдісін оңтайландыруға және жекелендірілген оқытуды дамытуға мүмкіндік береді. Осы орайда Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Біліктілік арттыру орталығымен бірлесе отырып университет оқытушыларына “AI көмегімен оқу процесін оңтайландыру” тақырыбында курс жүргізіп келемін, осы уақытқа дейін 200-ден аса қатысушы сертификаттарын алды, арнайы сертификат алуға 500-ден аса ОПҚ ұсыныс

білдірген.

Қазақстандағы жасанды интеллекттің білім саласындағы дамуы Қазақстан Үкіметі жасанды интеллектті дамытудың 5 жылдық тұжырымдамасын қабылдады. Білім беру саласы бұл тұжырымдаманың маңызды бөлігі, онда жасанды интеллектпен жұмыс істейтін мамандарды даярлау ерекше көзделген.

Елімізде жасанды интеллект саласы бойынша 15 жоғары оқу орны 20 білім беру бағдарламасын іске асыруда. Бұл бағдарламалар жасанды интеллекттің негіздері, кибернетика және жасанды интеллект, медицинадағы жасанды интеллект, білім берудегі жасанды интеллект секілді түрлі бағыттарды қамтиды. Осы бағдарламалар бойынша қазіргі таңда 2000-нан астам студент білім алуда. Бұл мамандар болашақта еліміздің білім беру жүйесінде жасанды интеллектті дамытуға және енгізуге үлес қосатыны сөзсіз.

ЖИ-ді енгізудегі қиындықтар
Жасанды интеллектті білім беру саласына енгізу бірқатар қиындықтар мен ескертулерді ескеруді талап етеді. Бұл технологияларды табысты қолдану үшін тек техникалық шешімдер ғана емес, сонымен қатар адами факторлар да маңызды.

Жасанды интеллектті білім беру саласына енгізуде педагогтың рөлі мен технология арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды. Жасанды интеллект мұғалімді алмастыратын емес, оның жұмысын жеңілдететін және қолдайтын құрал ретінде қарастырылуы керек. Жасанды интеллект педагогтердің рөлін өзгертіп, оларды білім беру процесінде серіктес етуге мүмкіндік береді. Алайда, мұғалімнің адами қасиеттері, эмоционалды байланыс орнату қабілеті және шығармашылық көзқарасы білім беру процесінде өте маңызды және оларды технологиямен алмастыру мүмкін емес.

Жасанды интеллект технологияларын тиімді қолдану үшін

оқытушылар мен оқушылардың арнайы сауат пен дағдылары болуы керек. Оқушыларға да жасанды интеллект құралдарын дұрыс пайдалану дағдыларын үйрету қажет. Мысалы, ChatGPT сияқты чат-боттарды дұрыс пайдалану тәсілдерін үйрету арқылы оқушылардың ақпараттық-сауаттылық деңгейін арттыруға болады.

Жасанды интеллект қауіпті ме?

Жасанды интеллектті білім беруден басқа медицина, өнер-кәсіп, сауда, көлік секілді көптеген салаларда маңызды рөл атқарып отыр. Дегенмен, жасанды интеллекттің дамуы қоғамда бірқатар алаңдаушылық тудырып отырғаны да рас. Жасанды интеллекттен туындайтын қорқыныштың басты себебі – оның адамның бақылауынан шығып кету қаупі. ЖИ технологияларының жылдам жетілуі мен күрделенуі болашақта олардың адамзаттан тәуелсіз шешім қабылдауына жол ашуы мүмкін. Әсіресе әскери технологиялар саласында автономды қару-жарақ жүйелерінің дамуы үлкен қауіп ретінде қарастырылады. Мұндай жүйелердің адам бақылауынсыз шешім қабылдауы этикалық, құқықтық мәселелерге қауіп туғызады.

Сонымен қатар, жасанды интеллекттің кең таралуы жұмыссыздық деңгейінің артуына әкелуі мүмкін. Роботтардың ауру мен автоматтандырудың әсерінен көптеген мамандықтардың жойылу қаупі бар. Бұл қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің өсуіне себеп болуы ықтимал. Бұған қоса, жасанды интеллект адамзатты білімсіздікке алып келуі мүмкін деген қауіп те жоқ емес. Ақпаратты тез әрі оңай қолжетімді етуі адамды өздігінен ізденуден, терең білім алудан алыстатуы мүмкін. Бұл өз кезегінде сыни ойлау қабілетін төмендетіп, жалпы білім сапасына теріс әсер етуі ықтимал.

Аталған проблемаларды шешу үшін әлемдік деңгейде бірнеше шаралар қолға алынуда. Мысалы, Еуропалық Одақ (ЕО) жасанды

интеллекті реттеу жөнінде қатаң заңдар мен стандарттарды енгізуде. Бұған қоса, АҚШ пен Қытай сияқты мемлекеттер жасанды интеллект технологияларын этикалық тұрғыдан дамытуға бағытталған ұлттық стратегиялар әзірледі. Халықаралық деңгейде ЮНЕСКО жасанды интеллект этикасы бойынша ұсыныстар қабылдап, мемлекеттерге оны жүзеге асыруды ұсынып отыр. Сондай-ақ, технологиялық алпауыт компаниялар (мысалы, Google, Microsoft, OpenAI) ЖИ жүйелерін ашық әрі жауапты қолдануға бағытталған ішкі саясаттарын қалыптастырды.

Түйіндей келе жасанды интеллекттің пайдасымен қатар, оның қауіп-қатерлері де бар. Сондықтан қорқудың орнына оны тиімді басқару жолдарын қарастыру қажет. Сонда ғана жасанды интеллект адамзаттың дамуына кедергі емес, көмекші құрал бола алады.

Жасанды интеллект білім беру саласында маңызды рөл атқарады және оның маңызы болашақта тек арта түседі. Қазақстанда жасанды интеллектті дамыту бойынша нақты қадамдар жасалуда: 5 жылдық тұжырымдама қабылданды, жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламалары іске асырылуда, зерттеу орталықтары жұмыс істейді және орта білім беру жүйесіне енгізу жоспарланып отыр. Жасанды интеллект оқыту үрдісін оңтайландыруға, жекелендірілген оқытуды дамытуға және деректерді талдау арқылы білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Болашақта жасанды интеллектті білім беру саласында қолдану аясы кеңейіп, жаңа мүмкіндіктер ашылады. Бұл технологияны табысты енгізу үшін мұғалімдер мен оқушылардың арнайы сауаты мен дағдыларын дамыту, сондай-ақ жасанды интеллект саласындағы мамандарды даярлауды жалғастыру қажет. Білім беру саласындағы жасанды интеллектті дамыту – Қазақстанның цифрлық экономикаға көшу және бәсекеге қабілетті білім беру жүйесін құру жолындағы маңызды қадам.

Әнуарбек АМАНОВ,
Компьютерлік инженерия
кафедрасының
аға оқытушысы, PhD.

“ТІЛІ ЖОҒАЛҒАН ЖҰРТТЫҢ ӨЗІ ДЕ ЖОҒАЛАДЫ”



Тіл – ұлттың жаны, рухы және болмысы. Әрбір халық өз ана тілін көзінің қарашығындай сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап жеткізуі қажет. Қазақ халқы үшін де ана тілі-баға жетпес құндылық. Сондықтан қазақ тілін сақтау-тек тілді ғана емес, тұтас бір ұлтты сақтау деген сөз.

Қазақ тілі – ата-бабаларымыздың өмір сүру салты, сан ғасырлық тарихының көрінісі. Түркі тілдерінің ішіндегі ең бай, ең көркем тілдердің бірі саналатын қазақ тілі XV ғасырдан бері жеке халықтың тілі ретінде қалыптасты. Тарих беттеріне үңілсек, қазақ хандарының, билердің, жыраулардың, ақындардың сөздері осы тілде таралған. Мысалы, Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би секілді данышпан тұлғалар елді ауызбірлікке шақырып, әділ үкімдерін қазақ тілінде айтты. Сонымен қатар Қазақ тілінің ғылыми негізін салған Ахмет Байтұрсынұлы “Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады” деген болатын. Бұл сөз тілдің ұлт үшін қаншалықты маңызды екенін айғақтап ашып тұрғандай. Ал қазақ тіліне деген дәл бүгінгі күндегідей мемлекеттік еркіндік оңай жолмен келген жоқ. Ол үшін қаншама Алаш зиялылары Міржақып Дулатұлы, Әлихан Бөкейханов сынды тұлғалар ұлтшыл деген

атақ алса да, өз өміріне қауіп төнсе де, қазақ тілі жолында бар ерік жігерімен, қолынан келетін дүниенің ешбірін аянып қалған жоқ. Сондай қан мен тердің арқасында келген қазақ тіліне деген қазіргі қоғамның құрметі қаншалықты деңгейде екені мәлім. Өкініштісі өз ана тілін толық білмейтін, ұқпайтын қазақтарымызда жоқ емес. Ең өкініштісі ондай тұлғалардың билік басында отыруы. Одан бөлек жастар қатарында да қазақ тіліндегі тазалық толық сақталмай тұрғаны да бар. Жаргон сөздер, шет тілдеріндегі қажетсіз тіркестерді көп қолдану белең алып отыр. Жас сәбилердің де кейбіреулерінің тілдері орыс тілінде шығып жатыр. Себебі, бала өзге тілде көп ақпарат алады, мультфильм көреді. Мұның алдын-алу үшін ата-ана баласына деген патриоттық сезімді, тілге деген құрметті оятуымыз керек сияқты. Сондықтан тілімізге деген құрмет – өткенге тағзым, болашаққа сенім. Бізге аманат болып жеткен ана тіліміздің абыройын арттыру – әр қазақтың парызы.

Зухра ӘЛИАСҚАРОВА,
Журналистика бөлімі,
1-курс студенті.

МАҚСАТЫМЫЗ – ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫН жүзеге асыруға қолдау көрсету

Ахмет Ясауи университеті ба-
засында орналасқан бірегей бо-
таникалық бақ – түркістандықтар
үшін баға жетпес байлық. Жалпы
ауданы 88 гектар аумақты алып
жатқан ботаникалық бақтың кол-
лекциялық қорында декоративті
және жеміс өсімдіктерінің 150-ге
жуық түрі мен сорты бар.

Көзі қарақты оқырманның
есінде болар, өткен жылы «Инно-
вациялық технологиялар негізінде
биоресурстарды коммерциялық
игеру арқылы Қ.А.Ясауи атын-
дағы ХҚТУ ботаникалық бағы-
ның бағалы гендік қорын сақтау»
тақырыбындағы ғылымды ком-
мерцияландыру жобасы аясында
өндірістік цехы ашылып, оған ҚР
Ғылым және жоғары білім мини-
стры Саясат Нұрбек пен Түркістан
облысы әкімінің орынбасары
Бейсен Тәжібаев және универси-
тет ректоры Жанар Темірбекова
қатысып, цехтың лентасын қиған
болатын. Университет ботаника-
лық бағында 650 млн теңгеден
астам сомаға 3 ірі жоба іске асы-
рылды. Жоғарыда аталған тақы-
рыптағы жоба аясында жемістерді
өңдейтін өндірістік цех құрылып
жұмысын бастап кетті.

Өткен жылы «Инновациялық
технологиялар негізінде биоре-
сурстарды коммерциялық игеру
арқылы Қ.А.Ясауи атындағы
ХҚТУ ботаникалық бағының баға-
лы гендік қорын сақтау» жобасы
ірі де жағымды жаңалық болды.
Бұл ғылымды коммерциялан-
дыру жобасы ботаникалық бақ
үшін маңызы өте зор. Себебі бұл
жобаның негізгі мақсаты бақтың
гендік қорын сақтау, ол дегеніміз
бақтағы сәндік, жеміс ағашта-
рының тәлімбақтарына кешенді
күтім жасау, бақта жаңа жеміс
тәлімбақтарын құру және биоре-
сурстарды коммерциялық игеру,
яғни пайда болған қалдықтарды
тиімді игеру болып табылады.

Сол мақсатта, жоба аясында
бақтағы жемістерді коммерция-

лық тиімді игеру үшін жемістерді
қайта өңдеу өндірістік цех қыз-
метімен жемістерді кептіріп түрлі
өнімдер шығарудамыз. Жиналған
жемістердің бір бөлігі тұтынушы-
ларға жастай (свежий) сатылып,
бір бөлігі өңдеуге жіберіліп, кеп-
тірілді.

Жалпы жоба аясында 2023-
2024 жылғы маусымдық ке-
зеңіндегі сатылған жемістер мен
кептірілген өнімдерден Универси-
тет есебіне 24 млн теңгеден астам
қаржы түсті. Сонымен қатар, біз өз
өніміміздің **«Yasawi eco product»**
атауымен брендін қалыптастыру-
дамыз.

Өндірістік цехте тек қана өрік,
алма ғана емес ботаникалық
бақта жоқ жемістерді кептіріп өнім
жасап тәжірибеден өткізудеміз.

2024 жылдың маусымдық
кезеңінде қауын кептіріп нарыққа
шығарған едік, нәтижесінде тұты-
нушылар тарапынан жақсы пікір-
лер алынды. Енді осы жылға да
қауынды көбірек кептіру жоспар-
лануда. Цехта одан бөлек, банан
мен қызанақты да кептіріп көрдік.
Банан чипсі дүкендер арқылы
сатылды, ал қызанақты кептіріп
нарықтық сұранысқа талдау жа-
сап көрдік, кептірілген қызанаққа
да қызығушылық жақсы болды,
алдағы уақытта жоғары сапалы
қызанақты кептіріп нарыққа шыға-
ратын боламыз.

Оған қоса, бақтағы алмұрт, қа-
раөрік, алма жемістерінен пастила
жасап та шығардық, ол да көптің
көңілінен шықты, бұнымен тоқта-
май алдағы уақытта жаңа өнімдер
шығару да жоспарымызда бар. Ең
бастысы, біздің өнімдер дәру-
мендерге бай, табиғи әрі консер-
вантсыз. Енді бұл өнімдер халық
арасында экологиялық таза және
пайдалы өнім ретінде үлкен сұра-
нысқа ие болады деп ойлаймыз.

Көпшілікке белгілі, осы жыл-
дың 19 наурызында Түркістан-
дағы «Керуен сарай» көпсалалы
кешенінде «Түркістан – түркі

әлемінің рухани астанасы» тури-
стік маусымының ашылу салта-
наты өтті. Осы ауқымды іс-шара
аясында ірі, орта және шағын
кәсіпкерлікті дамыту мақсатында
жәрмеңке өткізілді, жәрмеңке-
ге өзіміздің табиғи өнімдеріміз
«Yasawi eco product» қойылып,
келушілердің ерекше ықыласына
бөленді.

Коммерцияландыру офисінің
бүгінгі күндегі қызметіне тоқтал-
сақ:

Қазіргі таңда, коммерциялан-
дыру офисі өз қызметін жаңа
деңгейге шығару және ҒЖЖБ
министрлігі тарапынан қойылған
талаптарды орындау мақсатында
ғылыми зерттеулерді өндіріске
енгізу, инновациялық жобалар-
ды дамыту бағытында ауқымды
жұмыстар атқарып келеді.

Коммерцияландыру офисі үш
бағытта жұмыс жасайды:

- ғылыми әзірлемелерді ком-
мерцияландыру;
- патенттік сүйемелдеу, патент-
тік жүйені қалыптастыру;
- студенттік стартап жобаларды
қолдау.

Осы үш бағыт бойынша да көп,
сапалы жұмыстар орындалуда,
оның барлығын біз әлеуметтік
желілер арқылы жариялап оты-
рамыз, егер ол туралы көремін
деген оқырмандар болса біздің
төменде көрсетілген сілтемедегі
әлеуметтік желілердегі парақша-
ларымыз арқылы көруіне болады:
<https://www.instagram.com>

Сонымен қатар, Коммерция-
ландыру офисі ғылыми жобалар-
ды өндіріске енгізу және олардың
коммерциялық әлеуетін арттыру
үшін бірқатар стратегиялық бас-
тамаларды қолға алды.

Университет ғылымды нарыққа
бағыттап, ғылыми нәтижелердің
нақты өндірісте қолданылуы-
на басымдық беріп келеді. Осы
бағытта инвесторлар мен биз-
нес-қоғамдастық өкілдерімен
тұрақты кездесу алаңдарын

құрып, өндіріс орындарымен стратегиялық серіктестіктер орнатуда.

Оның бір дәлелі, университетіміздің ғалымдары Коммерцияландыру офисінің бастамасымен, ҒЖЖБ министрлігінің және «Казцинк» ЖШС-нің ұйымдастыруымен Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ-да өткен «Қазақстан Республикасының тау-кен өндіруші кәсіпорындарының ғылыми-технологиялық дамуы» атты

ғылыми-технологиялық сессияға қатысып, үздік нәтиже көрсетті.

Ол сессияға Қазақстан мен шетелден 54 жетекші ғалым, сондай-ақ «Казцинк» ЖШС компаниясының 12 сарапшысы қатысты.

Ғылыми-техникалық сессияның алғашқы күні пленарлық мәжіліс өткізілді, онда қатысушылар ғылым мен өндірістің қазіргі жағдайы және оның болашағы туралы пікір алмасты. Сессия барысында Қазақстанның тау-кен өндірісіндегі ғылыми зерттеулер мен инновациялық шешімдер талқыланды.

Екінші күні қатысушылар ғылыми жобалардың прототиптерін әзірлеуге және «Казцинк» ЖШС үшін басым ғылыми жобаларды іріктеуге ерекше назар аударды.

Жалпы сессия нәтижесінде — 54 ғалым ұсынған 13 жобаның ішінен университетіміздің 2 жобасы үздік үштікке кірді.

Келесі кезеңде ғалымдарымыз «Казцинк» ЖШС-мен бірлесіп, ғылыми-техникалық тапсырманы жазып, ҒЖЖБМ-нің Ғылым комитетіне қарасты Ғылым қорына ұсынатын болады. Біз ұсынған ғылыми-техникалық тапсырма негізінде бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурсы жария-



ланады.

Бұл біздің өндіріспен байланыс орнату бағытындағы жұмыстардың жақсы нәтижеі, ары қарай алдағы болатын ғылыми-технологиялық сессияларға тағы да қатысатын боламыз.

Жалпы, коммерцияландыру офисі басқа да қандай жобаларды жүргізіп жатыр деген сұраққа келсек, жалпы университетте ғылымды коммерцияландыру (гранттық қаржыландыру) бойынша 3 жоба іске асырылды, оның ішіндегі біздің тарапымыздан орындалып жатқаны сол ботаникалық бақтағы «Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ботаникалық бағының бағалы гендік қорын сақтау» жобасы, одан бөлек 2018-2021 жылдары Экология ғылыми-зерттеу институтының базасында іске асырылып, аяқталған — «Қызыл калифорниялық құрттардың дәрумендірілген биомассасы мен ақуызды азықтық вермикоспаларды гранула түрінде өндіру» жобасы. Бұл жоба ауыл шаруашылығында экологиялық таза және қоректік құндылығы жоғары органикалық тыңайтқыштар мен мал азықтық қоспаларын өндіруге бағытталған болатын. Нәтижесінде өңірдегі агроөнеркәсіп кешенін дамытуға және өнімділікті арттыруға ықпал

етуде.

Сонымен қатар, 2018-2021 жылдары ботаникалық бақта іске асырылған «Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ботаникалық бағының базасында Қазақстанның оңтүстігіндегі субаридтік жағдайлар үшін декоративтік дақылдардың адаптивті және стресске төзімді көшеттерін жылдамдатып өсіру» жобасы. Бұл жоба аймақтың көгалдандыру әлеуетін арттырып, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған болатын. Негізгі мақсаты арнайы әдістер арқылы өсірілетін бейімделген және стресске төзімді көшеттер қалалар мен елді мекендерді көгалдандыруға септігін тигізу болды.

Одан бөлек, коммерцияландыру офисінің тарапынан жеке және мемлекеттік мекемелер тарапынан қаржыландыратын, яғни шаруашылық келісім-шарт негізінде бірнеше медицина, экология, биотехнология бағыттары бойынша ақылы ғылыми-зерттеу жұмыстары орындалуда.

Азат ИСАКОВ,
Коммерцияландыру офисінің
директоры.

«Толық адам» тұжырымдамасы

«ЖАСТАР ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ БОЙЫНА СІҢІРУГЕ ТАЛПЫНУЫ КЕРЕК»

«Абай әлемі шетсіз, шексіз – дүние секілді. Бір күнде оқып немесе талдап бітіре алмайсыз. Неге десеңіз, оның ілімі өте тереңде жатыр. Мәселен, қара сөздерін былай қоя тұрып, өлеңдерінің өзін-ақ оқысаңыз кереметке жолығасыз. Оқыған сайын көкірек көзіңіз ашылып, жаңа бір кеңістікке енгендей әсер аласыз. Сол үшін ғой абайтанушы Мекемтас Мырзахметов ұстазымыз: «Бүкіл оқу орындарындағы тәлім-тәрбие беретін оқулықтар Абайдың «Толық адам» ілімі негізінде қайта жазылуы тиіс. Бұл рухани қажеттілік» деп, әрдайым өз ұстанымынан танбады.

Толық адам болудың жолын Абай былай деп береді: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек».

Абай адамның рухани жағынан кемелденіп жетілу жолында толық адам ұғымын адамшылық сатысының ең жоғарғы басқышына қояды. Толық адам – Абайдың армандаған, аңсаған мұрат-мақсаттарының ең биік қол жетпес асқар шыңы. Толық адам ғана нұрлы ақылдың иесі бола алмақ.

Абай адам баласына қажетті үш нәрсе ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек екенін тереңнен толғап, толық адамға тән қасиетті көрсетеді. Хакім іздеген толық адам осы қасиеттерден туындайтын талапты, еңбекқор, ізгілікті, мейірімді, қанағатшыл, рахымды, тұла бойы толған ар, ұят, пенделіктен қол үзген имандылық жолындағы абзал азамат.

...Мына бір жәйт есіме түсіп отыр. Мектепте оқып жүргенімде, 7 сынып оқушылары арасында әдебиеттен М.Әуезовтің «Абай жолы» романына қатысты шығарма жаздық. Романның әсеріме, неге екенін білмеймін, сол кезде менің ойыма мына нәрсе келді.

Келешекте ер жетіп, отбасын құрсам, перзенттеріме «Абай жолы» романындағы жағымды кейіпкерлердің есімдерін қоямын деп шешім қабылдадым. Мүмкін, Алла сол кезде менің ойыма салып, себеп болған шығар, расында да солай болды».

Талғат Данияров.

Біз «Педагогика және психология» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, ұлағатты ұстаз ғылымда да, өмірде де һәкім Абайдың пәлсафалық танымдары мен ұстанымдарын ту етіп жүрген Данияров Талғат Әбубәкірұлын сұхбатқа тартқан едік.

– **Талғат аға, ұстаздық жолыңыз қалай басталды? Жалпы, бұл мамандықты таңдауыңызға не себеп болды?**

– Сізге расын айтайын, ұстаздық жолды кездейсоқ таңдадым. Балалық шағымда анам тез сырқаттанып қала беретін. Сондықтан дәрігер болсам деген бала арманмен, медицина институтына құжат тапсырмақ болдым. Алайда, құжат қабылдау уақты өтіп кеткендіктен, мұғалімдікке тапсырып, студент атандым. Оқуды үздік бітірдім. Бірақ, екіншім жоқ. Анамды емдей алмасам да, шәкіртерімнің жүрегіне жол тауып келе жатқан секілдімін.

– **Абайдың «Толық адам» философиясын қазіргі жастар қалай түсінуі керек?**

– Өзгенің қаңсығын таңсық көрмей, ұлттық болмысты бойына сіңірген азамат болуға талпыну керек.

– **Білімді болу мен әдепті болудың ара-қатынасы қандай?**

– Бұл сұрағыңызға Абылай ханның бізге жеткен мына өсиетімен жауап берейін: «Бұтаққа су, ұрпаққа рух бермесең көгермейді». – **Ұстаздың рөлі тек білім беру-**

мен шектеле ме, әлде ол тәрбиеші де болуы керек пе?

– Балалық шағым мен оқушы кезімде ең бірінші – ата-анам, екінші – нағашым, үшінші ұстазым менің жүрегіме сенім ұялатты. Сөзіме тұздық болсын. Балалық шағымнан естелік айтайын. Мен теміржолшының – баласымын. Әкем жастай еңбекке араласқан. Соғыс уақыты ғой. (Соғыс кезінде тылда майданға жарамсыз кәрілермен қатар жасөспірім балалар да еңбек еткен). Әкем 13 жасында теміржолшы болып жұмысқа қабылданып, сөйтіп 63 жасында құрметті теміржолшы атанып, зейнеткерлікке шықты. Еңбек кітапшасында бір ғана мекемеге жұмысқа қабылданып, зейнетке шыққаны туралы жазылған. Әкемнің еңбек кітапшасында осы екі ғана белгі бар.

...Әлқисса, сөзімді әрі қарай сабақтайын. Ауылымыздан 1,5 шақырым шамасында, теміржол бойында сексеуіл деген өсімдік өсетін, әлі де бар. Қысқасы, мен ерте туылған қозы-лақтарымды сол жерге апарып бағатынмын. Әкемнің жасап берген қоларбасына, анам пісірген таба нан, шелпек, айран, сары май, құрт-ірімшіктерімді салып алып, сүйреп жүріп бағатынмын. Қайдан ойыма келгенін білмеймін, бір күні қайтар жолда сынған сексеуілдерді арбама салып, қозы-лақтарымның соңынан еріп, үйіме көңілді қайттым. Себебі өзіме белгілі – дүние тауып келе жатырмын ғой. Алайда, бәрі менің ойлағанымдай болмады.

Есігіміздің алдында биіктеу дөң болатын. Дөңестің үстінде әкем тұр. Алыстан байқадым, қабағы қатулы секілді. Не бүлдірдім екен, толық білмесем де, ішім сезіп тұрғандай. Әкем тұрған дөңге таяп келдім, басымды көтере алмадым. Қатқылдау үнмен «анау әкелгенің не?» деді зілдене. Әлі де басымды көтерместен, «Отын ғой. Теміржолдың жағасында сынып жатыр екен,

апама керек болар деп алып келдім» деп сөзімді аяқтадым. «Апамды айтсам, мүмкін ашуы тарқар» деген де ойым бар. «Немене үйде отын жоқ па, әкелген жеріңе қайта апарып таста» деп бұйырды. Амалым жоқ, іштей әкеме өзімше ызаланып, кері бұрылдым.

Мен қайтып келгенге дейін сол орнынан қозғалмады. Кешкі шайдың үстінде «жайдан-жай жерде жатқан дүние болмайды, ол – мемлекеттің мүлкі» деп, ескерту берді. Осы бір ғана ескертпесімен өмір бойы кісінің ала жібін аттамауды, рұқсатсыз бір сабақ жіп те алмауды үйретті. Жаратушы Аллам ардақты әкем мен аяулы анамның жандарын пейіштің төрінде шалқытсын.

– **Ұстаз бен оқушы арасындағы қарым-қатынас қандай**

болуы керек?

– Маған ғылымның теориясын ұқтырған ұлы Ұстазым, академик – Рахманқұл Бердібай. Ал, онан кейін ғылымда жетістіктерге жетуіме себепкер болған, п.ғ.д, профессорлары – Әбдіманап Әбдіразақұлы мен Камалбек Мейірбекұлы. Жаныма жалау болған ардақтыларым, мектептегі алғашқы ұстазым – Әли Тасқынбаев, Жұмабай Жәнібеков, өмір пәлсапасын ұқтырған ұстаздарым, профессорлар – Арыслан Оспанұлы, Әбдіжәліл Әтиярұлы, Бірлік Қыздарбеков және Бақытжан Қалжанұлының орны бөлек. Ұстаз ұлы есім.

– **Өзіңізді дамыту үшін қандай кітаптар оқисыз немесе қандай дағдыларды үйренесіз?**

– Денсаулық жағдайыма байланысты көру қабілетім төмендеді.

Өкінішке орай қазір көп оқи алмаймын. Десек те, ұлымыз екеуіміз Қабдеш Жұмәділовтің шығармаларын оқып жүрміз.

– **Талғат аға, «20 жастағы өзіңізге» қандай кеңес берер едіңіз?**

– Осы тағдырыма ризамын, қалқам. Бізбен, ұстазбен сұхбаттасқаныңызға рахмет. Шын мәнісінде әсерлі әңгіме болды. Себебі, тап осы диалог арқылы өз шәкіртіміздің алдында есеп беріп отырмын деп есептеймін.

– **Сырлы сұхбатыңыз үшін көп рахмет, шығармашылық табыс тілеймін.**

Сұхбаттасқан:
Несібелі СЕГІЗБАЙ,
Журналистика бөлімі
2-курс студенті.

ӘЛІМЖЕТТІК - ҚОҒАМДАҒЫ ДЕРТ

Жастар – қоғамның қозғаушы күші, болашағымыздың негізі. Алайда олардың арасында кездесетін әлімжеттік мәселесі қоғам үшін үлкен сын болып отыр. Бұл құбылыс бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі екені анық. Әлімжеттік – жастар арасындағы күш көрсету, қорқыту немесе психологиялық қысым жасау арқылы үстемдік орнату әрекеті.

Мектептерде жоғары сынып оқушыларының төменгі сынып оқушыларын ақша жинауға, түрлі тапсырмаларды орындауға мәжбүрлеуі – әлімжеттіктің кең таралған түрлерінің бірі.

Сонымен қатар, оқу орынындағы және әскердегі әлімжеттік жағдайлары жастардың өзара сыйластығы мен теңдігін бұзып қана қоймай, олардың болашаққа деген сенімін жоғалтуына себеп болады. Көптеген жасөспірім әлімжеттік құрбаны ретінде өзін қоғамнан оқшаулап, ішкі күйзеліс пен үрейде өмір сүреді.

Бұл мәселе тек жастардың ғана емес, бүкіл қоғамның проблемасы. Әлімжеттікке көз жұма қараған әрбір адам оның одан әрі таралуына жол береді. Сондықтан әрбіріміз бұл құбылыспен күресуді



қолдауымыз керек.

Әлімжеттіктің алдын алу үшін, ең алдымен, жастар арасында сыйластық пен теңдік мәдениетін қалыптастыру маңызды. Білім беру мекемелері мен ата-аналар балаларды өзара құрметтеуге үйретіп, әлімжеттікке жол бермеуі тиіс. Сонымен қатар, құқықтық жүйе де бұл мәселені шешуде маңызды рөл атқарады – әлімжеттік көрсеткендерге нақты жаза қолдану және құрбандарды қорғау жүйесін күшейту қажет.

Жастар арасындағы әлімжеттік бар және ол қоғамның дамуына елеулі кедергі келтіреді. Бұл мәселені шешу үшін әрбір азаматтың белсенді қатысуы қажет. Әлімжеттікке қарсы тұрып, жастар арасында сыйластық пен ынтымақтастық орнату – болашақтың жарқын болуына жасалған қадам болмақ.

Аяулым МӘДИХАН,
Журналистика бөлімі,
1-курс студенті.

МЕРЕЙ

ӘНМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Әнші-композитор, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының лауреаты, өнертану доценті, ҚР композиторлар одағының мүшесі, «Орындаушылық өнер» кафедрасының ұзақ жылдар меңгерушісі болған ұлағаты ұстаз, әріптесіміз Сауранбек Елеуов 70 жастың жотасына көтерілді.

1979 жылы Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы мемлекеттік педагогикалық институттың дайындық курсына оқуға түстім. Ол кезде музыкалық сауаты жоқ болса дайындық курсына арнайы дайындайтын. Оқытушылар бізді сольфеджио, музыка теориясы, домбыра класы, фортепиано бастамасы пәндерімен баурап алды. Содан бастап біз музыкалық білімнің қызығына еніп, мамандығымыздың сан түрлі әліппесін меңгеруге кірісіп кеттік. Дайындық тобын бітіргенде түрлі сынақтар мен емтихандар тапсырып, бірінші курсқа оқуға да түстік.

1980 жылдың қыркүйегі келіп біз де 1-курстың студенті атандық. Нағыз қызықты өмір енді басталғандай. Сабақтардың барлығы бізге үсті-үстіне өз құпияларын ашып жатқандай. Музыка тарихы, гармония, би үйірмелері, негізгі аспап, қосымша аспап, хор класы, хорды дирижерлау бәрі басталып кетті. Бұл аз болғандай қала көлемінде өтетін концерттерге қатысамыз. «Сыр сұлуы» ансамблінің белді мүшелеріміз. Тақырыптық әндер, Ш.Қалдаяқовтың «Сыр



сұлуы» әні концертте қашанда алғашқы номерде орындалды, яғни концерттің әнұраны. Осылай концерт қойып жүргенде Сауран Елеуов, Бексұлтан Байкөкеев, Әлмырза Ноғайбаев ағалармен таныс болдық. Ағаларымыз Сыр өңірінің танымал әншілері тұғын. Ол кісілер сахнаға шығып өнер көрсеткенде халық дүрлігіп кететін. «Ақмаржан», «Ақ гүлім», «Ақбаян», «Ақ Шолпан» әндерін Бексұлтан Байкөкеев орындаса, Сауранбек Елеуов «Жұлдызым», «Айдында жүзген аққулар», «Әке дауысы» атты әндерін, ал Әлмырза Ноғайбаев домбырасын күмбірлетіп «халық әндерін орындағанда көрермен қол соғып, арқаланып кетуші еді. Осылай халық құрметіне бөленіп жүрген әншілермен бірге өнер көрсетіп жүргенімізге қуанып қалатынымыз. Бұл ағалардың үшеуі де ол кезде жас және өте иманды болатын. Бізге: «айналайындар сендер де әле жетіле түсесіңдер, сахнадан қорықпаңдар,

сахна сендерді халықпен бірге тәрбиелейді, өсіреді, танымал етеді» дейтін.

Міне, осылай төрт жылымыздың қалай зу етіп өте шыққанын байқамай да қалдық. Оқу орны барынша бәрімізге білім, тәрбие біршама тәжірибемен қолым

– ызға диплом мен жұмысқа жолдама беріп, үлкен өмірге шығарып салды. Оқу бітірген соң туған жерге табан тіредік. Түркістанға келіп ондағы Ыбырай Алтынсарин атындағы педагогикалық училищеге жұмысқа тұрдым. Қызу қайнаған еңбек басталып кетті. Сол жылдары училище директоры марқұм Шарапат Мұсабекова болатын. Талап қойғыш, өте іскер басшы болатын. Бір күні ол кісі мені шақырып алып:

– Түркістанда сазгер, әрі әнші Сауран Елеуов деген өнерпаз жүр екен. Ол кісіні шақырып қонақ етейік және колледж оқушыларымен кездесу ұйымдастырайық. Сол кешті өзің жүргізесің, соған

дайындал деп тапсырма берді. «Ой, ол кісіні танымын ғой» деп қуанып кеттім. Бұл 1995 жыл болатын. Оқушыларды жинап, тап тұйнақтай болып отырмыз. Дәл айтқан уақытта үлкен қара баянын көтеріп Сау-

ран ағайымыз кіріп келді. Бір сағаттай сұрақ-жауап, әңгіме-дүкен құрып, оқушылар ән айтты. Соңынан Сауран ағай баянын құлаштай созып, дауысын кернеп алып екі әнді қатар шырқап берді. Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Армысыңдар адамдар» атты әнді нақышына келтіре шырқағанда зал толы оқушылар ұйып тыңдады. Әннің шығу тарихын да әсерлі жеткізе білді. Оқушылар Сауран ағайдың өнеріне тәнті болып, біразға дейін ұмыта алмай, жақсы әсермен айтып жүрді.

...2001 жылы қаладағы Педагогикалық колледжде жұмыс істеп жүргенімде университет жаңа құрылып жатқан Педагогика факультетіне қызметке шақырды. Алғашында «Бастауыш мектепте оқыту педагогикасы» мамандығында музыкалық пәндерден дәріс бердім. Сол жерде жүріп диссертациялық тақырып алып, 2008 жылы қыркүйекте «Бастауыш сынып оқушыларына музыка арқылы эстетикалық тәрбие беру» атты тақырыбымды диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алдым. Жұмыс барысында кафедраларға құжаттар тексеруге, әдіскер ретінде жас оқытушыларға сабағына кіріп, қолдау жасауға жіберіп тұратын. 2018 жылы қаладағы Саз мектебінде ұйымдастырылған білім жетілдіру орталығына дәріс оқуға және әдістемелік көмек көрсетуге келдім. Бұл семинар Саз мектебінің оқушыларының демалыс кездеріне

ұйымдастырылды. Мұнда Түркістан қаласы мен аудандағы мектептерінің ғана емес, бүкіл облыс және Республика бойынша мектептердің музыка пәні мұғалімдері жиналған екен. Бұл жиынға біздің университеттен халық әртісі, Ғарифолла Құрманғалиевтің шәкірті, профессор Қажыбек Бекбосынов, Сауран Елеуов те дәріс оқуға келген еді. Елдің сан түкпірінен келген мұғалімдер таласып-тармасып сол кісілер кірген оқу аудиторияларына кіріп кетіп, (сабақтары онда болмаса да) тапжылмай отырып дәрістерін тыңдады. Көкейдегі сұрақтарын қойып, әсерлі сұхбатқа ұласты. Білім көтеру орталығының жұмысы аяқталғанда Қорытынды концерт берілді. Келген мұғалімдер ағайларға қайта қайта ән салдырып, өздері де ән айтып дуылдасып, қимай қоштасты. Міне, осылай Қажыбек ағамыз бен Сауран ағамыздың халқының сүйікті өнерпаздары болғанын, мерейі тасыған сәттерге де куә болдық.

Бүгінде Сауранбек ағамен «Орындаушылық өнер» кафедрасында қызметтеспіз. Осы кафедра меңгерушісі болған Сауран ағай зейнет жасына келген соң жастарға орнын берген. Құрметті ұстаздың жабдықталған кабинеті бар. Қадірлі, құрметті, жаны жайсаң, жастарға жол көрсетіп, ақыл кеңес беруден жалықпайтын – ұлағатты Ұстаз. Студенттердің ақылшысы, қамқоршысы, университеттің мақтанышы. Өнермен өрілген ағайымның өмір жолдарына осылай куә болғанымды мақтан етемін. Әріптесіміздің алған асуларына, жеткен жетістіктеріне, шығармашылығының шарықтай беруіне тілектес болып келеміз.

Отбасындағы Жұлдыз апай-

ымыздың амандығын, бала шағасының өсіп, өркендей беруіне және Сауран Елеуов әріптесіміздің келе жатқан 70 жас мерей тойын жақсылап атқарып алуына кафедра атынан тілектеспіз. Өміріңіз әрқашан әндеріңіздей елге жақын, жылы, мейірімге толы болсын, Ұстаз!

Үміт МЕЛДЕБЕКОВА,
п.ғ.к., доцент
міндетін атқарушы.



АЛЫСТАҒЫ АҒАЙЫН

АТАЖҰРТТЫ АҢСАП КЕЛГЕН 63-тегі СТУДЕНТ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетіне Түркияның Нийде қаласындағы университеттен 63 жастағы қандасымыз Мұстафа Көк бір семестрге оқуға келген-ді. Бізеге жаста білім қуған ерек жан, Анадолыдан атажұртты аңсап келген бауырымызбен сұхбаттасқанбыз.

– Мұстафа аға, Түркістанға қош келдіңіз! Алпыстан асқанда оқып жүр екенсіз, әлбетте, қайырлы білім болсын дейміз.

– Иә, «Бесіктен бейітке дейін білім ізде» деп хазіреті Пайғамбарамыздың хадистерінде айтылады емес пе? Ниет оң болса, білім алуға ештеңе бөгет емес деп ойлаймын. Жасымда оқи алмадым, мүмкіндік болмады. Оқысам деген ізгі ниет жүрек түкпірінде жүруші еді. Балаларымды оқыттым, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, жасым 60-қа келгенде жұмыстан ерікті түрде зейнетке шығып, білім грантына тәуекел еттім. Бірінші тері және текстиль технологиясы мамандығын таңдадым, бірақ оған ілінбедім, екінші түркология мамандығын жазған болатынмын. Маған екінші мамандық бойынша оқу бұйырыпты, сонымен қазір Нийдеде қаласындағы Өмер Халисдемир университетін 3 курсыңда тіл-әдебиет факультетінде оқып жүрмін. Сонымен, «Орхун» ұтқырлық бағдарламасымен оқуға келіп қалдық. Бұрыннан Түркістанға зияраттап барып, Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесіне тәу етсем деп армандаушы едім. Қазақстанға 2 рет Дүниежүзі қазақтары Құрылтайына қатысып, Алматы, Астана қалаларына келіп кеткен едім. Осында келген күні бірден Бабаның басына барып, құран оқыдым. Кесене қабырғасында жазылған құран сөздерін оқып, толқыдым. Әкелеріміз армандап кеткен атамекен, қасиетті Түркістанның топырағын басып тұрған менің не арманым бар?! Көз жасымды тыя алсамшы. Ойлап қарасақ, осының

барлығы оқудың арқасында болып жатқан хикмет қой.

– Тағдырдың жазуымен аз қазақ әлемге тарыдай шашылып кеткені мәлім. Соның бірі Алтайдан Анадолы асқан қазақтар деп білуші едік. Көш тарихы туралы таратып айтсаңыз.

– Сонау 1936-37 жылдары Қытай үкіметінің жайсыздығынан түрлі толқулар, қақтығыстар болыпты. Содан аталарымыз Елшіхан батырдың басшылығымен Гималай асқан екен. Кіші Азияның біраз елдерін паналаған, бірақ жерсінбеген. 1951 жылы Пәкістанда тұрғанда Түркия елшілігі арқылы Түрік үкіметіне хат жолдайды. Алғашқыда қабылдамапты, кейін өтініштері мақұлданады. Сөйтіп 1954 жылы Түркияға 165 отбасы көшіп барған. Алғашында Ыстамбұлдағы, Зейтінбұрындағы қонақүйлерге орналасыпты. Бізден бөлек тағы бір шоғыр Қытай қазақтары Үндістаннан Түркияға көшіп келген екен. (Жазушы Хасан Оралтайдың аталары). Олар 135 отбасы Манисаның Салихлы ауданына, Зейтінбұрынға орналасады. Олар да 1954 жылы А.Мендерестің тұсында келген екен. Олар 135 отбасы Маниса қаласының Салихлы ауданына, Зейтінбұрынға орналасады. Ол кісілер солгүйі қалада қалып қояды да, біздің ағайындар дала жерді қолай көреді. Бұрын көшпелі тұрмысқа үйренген аталарымыз шәрлі жерді онша қаламайды. Содан 1956 жылы шілде айының соңында Нийде қаласы Ұлықшы ауданына қарасты бір ауылға тұрақтап, 165 отбасына үкімет үй салып береді. Ақсақалдар ауылды «Алтай» деп

атап, ресми бекітіліп содан бүгінге дейін сол Алтай ауылында тұрып жатырмыз.

– «Алтай» ауылы туралы, Анадолыдағы қазақтардың тыныс-тіршілігі туралы айтып берсеңіз.

– Иә, біздің ауыл Түркияға қазақтар тұратын ауыл ретінде танылған. Өкінішке қарай, бүгінде ауылда 20-25 отбасы ғана қалды, көбі қалаларға көшіп кетті. Ауылға келіп орналасқанда үкімет жан басына 30 дөнемнен жер бөліп беріп, тіршілік жасауға мүмкіндік берді ғой. Алайда мал сауып күнелткен қазақ жер сауудың ебін таппайды. Ыстамбұлдан мал терісін әкеліп илеп былғары дайындап оны базарға апарып сатуды кәсіп етеді. Ол уақытта жол қатынасы нашар, көлік аз, әрі-бері жүру шаршатады. Көбі осы кәсіпшілік үшін Ыстамбұл т.б. қалаларға көшіп кетеді. Содан 1960 жылдары біраздары Германияға мигрант болып жұмысқа барып, әрі қарай Еуропа елдеріне қоныс аударып, тіпті АҚШ, Канадаға дейін тарап кетті.

Мен 2004-2009 жылдары 5 жыл ауыл әкімі болдым. 2006 жылы ауылдың құрылғанына 50 жыл толуын атап өттік. Сол тұста Түркиядағы Қазақстан елшісі Бейбіт Исабаевқа барып мән-жайды айттым, қиын кезде төрінен орын берген Түрік еліне алғысымызды айтсақ, кең көлемде атап өтсек дедім. Ол кісі Түркияда мұндай ауыл бабынан хабары жоқ екен. Ауылды келіп көрді, қолдады. Сөйтіп, 2006 жылы 30-31 тамызда тағылымды бір іс-шара, кәдімгі дүбірлі той болды. Қазақстаннан 72 адам келді, депутаттар, жазушылар,

өнер адамдарын сол кездегі Қауымдастық басшысы Талғат Мамашев бастап келді. Нийде қаласында Абылай ханның алып ескерткішін орнаттық. Нийде мен Шымкент қалалары бауырлас қала ретінде рәсімделді. Күмбірлеп домбырадан күй төгіліп, әуелетіп жырдаң шашу шашқанда бір жасап қалдық, қарияларымыз көздеріне жас алды.

...Соңғы кездері ауылда адам азайды, жастар қалада. Бүгінде ауылда 20 шақты үй қалды. Аулымызда хал-қадерімізше қазақы салт-дәстүрімізді сақтауға тырысамыз. Жоғарыда айттым ғой, бір қауым ел Манисадағы Салихлыға қоныстанды деп. Сол ағайындардың арасына Шәризат деген ағамыз қазақ этносының өкілі ретінде, қазақ халқының дәстүрін сақтап, іргелендіру мақсатында биліктен рұқсат, жер сұрап алған. Сол жерде бие байлап, қымыз ашытып, саумалын сауып ұлттық мейрамхана ашқан. Он екі қанат үй тігіп, «Алаш» деген этно ауыл құрған. Елден келген қазақтардың дені сонда түседі. Жалпы, Түркияда бүгінде 20 мыңға жуық қазақтар тұрады.

– Жалпы, Түркия қазақтары ана тілін, ата дәстүрді сақтай алды ма?

– Ауылда тұрмыс тіршілік қазақша. Қолда уақ мал ұстаймыз, қара мал жоқ. Бұрындары әр үйде 30-40, 100 қойға дейін ұстайтын, соңғы кезде мал азайды. Құрт-ірімшігімізді жасап, қыста соғым сойып аламыз. Қазақ қай қиырда жүрсе де – қазақ қой. Біздің бала күнімізде, жас кезімізде тілдік орта жақсы деңгейде еді. Кейінгі балалар тілді ұмытып қалды. Үйде қазақша сөйлесуге тырысамыз, бірақ олар түрікше жауап береді. Өйткені жүрген ортасы түрік тілді. Бір өкініштісі тіліміз жұтылып барады. Елден келген қазақтар болса қуанып, қазақы дастарқанымызды жайып, қазан көтеріп қауқылдасып қаламыз. Қай бір жылы әкім болып тұрғанда Кониядағы оқитын қазақ студенттерді ұстаздарынан сұрап алып, Наурыз тойға шақырдым. Араларында естиярлау бір жігіт бала: «Аға, тай сойсаңызшы, жылқы



етін сағындық» дейді. Риясыз шын көңілі ғой, баланың. «Мақұл» дедім. Содан шапқылап жүріп, таудан бір тайды тауып, түн ішінде жеткізіп, оны жайғап, ертеңінде молынан асып бердік. Балалар өз үйіне келгендей мәз-мейрам болды. Наурыз тойымыз керемет өтті.

– Мұстафа аға, елге

оралғыңыз келмей ме? Орала қалсаңыз қай қалаға қоныстанар едіңіз?

– Мұнда қос азаматтыққа рұқсат жоқ екен. Елге оралу үшін Түркия азаматтығынан бас тарту керек. Балалар, туған-туыстың көбі сол жақта, екі жақта да жүргіміз келеді. Алайда, шынымен азаматтық алып, елге келіп жатсақ Шымкент не Түркістанды таңдар едім. Өткенде осында келгенде қоғамдық көлікке мініп, қалаға кіргеннен тынысымыз кеңіп сала берді. «Әрі отыр, ортаға қарай жылжыңдар» деген қазақтың сөзі құлағымызға майдай жағып, жүрекке жылы тиіп жатыр. Бәйбішеме қарап: қандай ғажап барлығы қазақша сөйлейді. Бұдан артық бақыт бар ма?! деймін ғой тебірене. Осылай Атамекенге деген сағынышымыз басылар емес.

– Сұхбатыңызға рахмет, аға! Атамекенге оралу нәсіп болсын!

**Сұхбаттасқан:
Әтіргүл ТӘШІМ.**

ERASMUS ILE AVRUPA'DA YENI UFUKLAR

Üniversitemizin Filoloji Fakültesi 2. sınıf öğrencisi Aydana Asilbekova, Erasmus öğrenci değişim programı kapsamında 2024-2025 eğitim yılının birinci döneminde Polonya'da eğitim görme hakkı kazandı.

Akademik başarısı, yüksek not ortalaması ve üniversite içindeki aktif rolüyle dikkat çeken Aydana, aynı zamanda toplumsal projelere katılımıyla da ön plana çıkıyor.

Polonya'da eğitim gördüğü süreçte Avrupa'nın 9 ülkesinde 15 şehirini gezme fırsatı buldu. Farklı kültürleri yakından deneyimleyen Aydana, bu yolculukların ona kattığı değerleri şu sözlerle anlatıyor:

«Polonya'da eğitim görmek benim için büyük bir fırsattı.

Hem akademik hem de kişisel olarak kendimi geliştirme imkânı buldum. Farklı bir eğitim sistemini deneyimlemek, yeni arkadaşlıklar kurmak ve Avrupa'nın çeşitli ülkelerini keşfetmek bana dünyaya farklı bir gözle bakmayı öğretti.

Gittiğim her şehirde yeni bir kültür, yeni bir yaşam tarzı gördüm. Bu deneyim, gelecekteki hedeflerim için bana büyük bir ilham kaynağı oldu.»

Aydana, dil öğrenmenin ve uluslararası deneyim kazanmanın önemine de vurgu yapıyor. Kazakça,

Türkçe, İngilizce ve Rusçayı iyi seviyede bilmesi, onun Avrupa'daki yolculuğunu daha verimli kıldı.

Farklı dillerde iletişim kurabilmesi, hem akademik ortamda hem de seyahatlerinde büyük avantaj sağlamış.

Üniversitemizden çıkan böylesine başarılı ve girişimci gençlerin uluslararası alanda kendilerini kanıtlaması hepimiz için gurur verici.

«Жыл балмуздағы» (Yılın En İyi) ödülüne layık görülen Aydana, başarılarıyla gelecekte de adından söz ettireceğe benziyor.

**Yunus ÖZKAN,
Gazetecilik Bölümü
3. sınıf öğrencisi.**

ТҮРКИЯНЫҢ МЕДИА ӘЛЕМІНЕ САПАР

2025 жылдың Наурыз айында Түркияның ұлттық телерадиокорпорациясы – TRT-де өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндігіне ие болдым. Бұл сапар менің студенттік шағымдағы маңызды кезеңдердің бірі болды.


Түркия Радио Телевизия Корпорациясы – TRT, Түркияның байырғы және ең ауқымды қоғамдық медиа ұйымы. Оның тарихы 1927 жылдың 6 мамырында Стамбұлда алғашқы радиохабардың эфирге шығуымен басталды. Алғашқы телевидение хабарын TRT 1968 жылдың 31 қаңтарында көрсетті. Содан бері TRT үздіксіз дамып, бүгінде 18 телеарна, 17 радио станциясы және сансыз цифрлық платформалар арқылы 41 тіл мен диалектіде хабар таратып, Түркияның ғана емес, бүкіл әлемнің ақпараттық кеңістігінен өзіндік орнын тапқан медиа алыбына айналды.

TRT адамды және өркениет құндылықтарын басты орынға қоя отырып, заманауи медианың талаптарына сай сан түрлі жобалар мен бастамаларды жүзеге асырып келеді. Халықаралық іс-шаралар, киноөндіріс, мәдениетаралық байланыстарды нығайту бағытындағы жұмыстарымен де TRT әлемдік медиа нарығында үлкен беделге ие.

Осындай ірі медиакорпорацияда тәжірибе жинау біз үшін зор мәртебе болды. Бұл мүмкіндікті бізге Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ұсынды. Университеттің қолдауымен 8 студент Анкараға барып, TRT-нің халықаралық хабарлар дирекциясында (Dış Yayınlar Dairesi) тәжірибеден өттік. Университетіміз барлық шығындарды толық өтеп берді. Бұл бізге кәсіби өсуге толық мүмкіндік берді.

Тәжірибе барысында біз Voice of Turkey (VOT) радиосының және www.trtvotworld.com веб-сайтының жұмысымен таныстық. Әлемнің 7 құрлығына 41 тілде таралатын хабарлардың қалай дайындалатынын көру – біз үшін аса құнды тәжірибе болды. Әрбір тілдік редакцияның жұмыс жүйесін зерттей отырып, халықаралық аудиторияға арналған контент жасаудың ерекшеліктерін меңгердік.

TRT Avaz арнасында тәжірибе-



ден өту де ерекше әсер қалдырды. Бұл арна түркі әлемінің мәдениетін, өнерін және ортақ құндылықтарын дәріптейтін маңызды платформа. Біз тікелей эфир дайындығының барлық кезеңіне қатысып, эфирге шығу алдындағы жауапкершілікті сезіндік. Сондай-ақ, түсірілім алаңдарына барып, кәсіби түсірілімдердің қалай ұйымдастырылатынын өз көзімізбен көрдік. Журналистика саласында теориялық білімімізді тәжірибемен ұштастыру бізге кәсіби бағытта өсуге үлкен мүмкіндік берді.

Жетекшіміз Торғын Сезгин ханым өз білімі мен тәжірибесін аямады. Ол бізге халықаралық стандарттарға сай жаңалық әзірлеу, мультимедиялық контент дайындау, радио мен телехабарлардағы мәтін құрастыру шеберліктерін үйретті. Әрбір материалдың аудиторияға қалай әсер ететінін бағалауды, жаңалықтың тілін шынайы әрі тартымды етіп жеткізуді үйрендік.

Бір айта кетерлік ерекше сәт — Наурыз мерекесін 30-дан астам ұлт өкілдерімен бірге қарсы алғанымыз. Түрлі ұлттың өкілдері қазақтың ұлттық тағамдарымен танысып, ортақ шаңырақ астында ән айтып, би биледік. Бұл күн бауырластықтың, достықтың және мәдениеттердің тоғысуының жарқын көрінісі болды. Сонымен қатар, тәжірибе барысында біз үшін ерекше маңызды әрі әсер-

лі жүздесу — Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес төрағасы Мухитдин ШИМШЕК мырзамен өткен кездесу болды. Ол бізді арнайы офисіне шақырып, әрқайсысымызбен жеке-жеке тілдесті. Біздің алған әсеріміз, жинаған тәжірибеміз туралы сұрап, болашаққа деген мақсаттарымызды білуге қызығушылық танытты. Кездесу соңында естелік ретінде «қаламдарыңыздың сиясы ешқашан таусылмасын» деп бөрімізге қаламсап сыйға тартты. Бұл бізге үлкен рухани қолдау әрі жігер берген сәт болды.

TRT-дегі әр күніміз — жаңа тәжірибе, жаңа білім мен тың серпін әкелді. Біз шынайы халықаралық журналистиканың қалай жұмыс істейтінін көрдік, өзіміз үшін заманауи медианың талаптарын аштық.

Осындай үлкен мүмкіндікті сыйлаған және әрдайым қолдау көрсеткен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің басшылығына шынайы алғысымды білдіремін. Расында, Ясауи университеті мүмкіндіктер мекені!

Назерке ТӘЖІБАЙ,
Журналистика бөлімі,
4-курс студенті.



Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

Жастар қамалатын орындар бар ма?

Түркістан – әлемге Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен және басқа да тарихи ескерткіштерімен белгілі. Қалаға көптеп туристер келіп, тарихи орындарды аралап, рухани байлыққа кенеліп жатады.

Қаламыз облыс орталығы болғаннан бері көркейіп келеді. Жастар үшін жаңа демалыс орындары, саябақтар, кофеханалар мен дәмханалар, спорт алаңдары мен фитнес клубтар ашылды. Алайда, қаладағы жастардың демалуына қатысты бірнеше мәселелер бар. Түркістанда жастардың демалуы үшін ашылған орындар саны шектеулі. Жастардың уақыттарын өткізуге болатын орындар - саябақтар, алаңдар, кафелер ғана ма? Қазіргі жастар үшін тек табиғат аясында серуендеу немесе кофеханада отыру жеткіліксіз деп ойлаймын.

Түркістанда жастар үшін мәдени шаралар, концерттер, фестивальдер немесе көрмелер аз ұйымдас-тырылады. Тек тарихи орындар мен табиғат аясындағы демалыс қызықсыздау болуы мүмкін. Жастар үшін қызықты әрі белсенді іс-шаралар қажет. Бұл жерде жастардың қызығушылығын арттыратын мәдени іс-шаралар мен шығармашылық мүмкіндіктердің жоқтығы мәселе болып отырғанын айта аламын.

Түркістан тарихи қала болғанымен туристік индустрияның толыққанды дамуында әлі де кедергілер бар. Қалаға келетін туристер саны өсіп келе жатса да, туристік қызметтер мен инфрақұрылымның сапасы әлі де жоғары деңгейде емес. Егер туризм индустриясы қарқын алса, қалаға жаңа инвестиция көздері тартылып, жұмыс орындары ашылар еді. Бұл дегеніміз жастардың қалада тұрақтап қалуына себеп болуы мүмкін. Ал қазір қалай? Көп замандастарымыз оқу бітіргесін өздерінің болашағын ірі мегаполистерден көргісі келеді. Түйіндей келгенде, жастардың демалыс орындарның тапшылығы, жұмыс орындарының жетіспеушілігі, қала инфрақұрылымының дамуы сияқты проблемалар Түркістанның болашақта дамуына кедергі болары анық.

Болашақта осы мәселелер шешіліп, қала одан әрі дамып, жастар үшін түрлі демалыс орындары мен мәдени шаралар көптеп ұйымдасытырлады деп үміттенеміз.

Ұлдана МӘЛІК,
Журналистика бөлімі,
1-курс студенті.



Досың бар ма?

Дос – өмірдегі ең бағалы байлықтардың бірі. Адам қаншалықты өзіне сенімді, күшті болса да, жанында оны қолдайтын, қуанышы мен қайғысын бөлісетін жақын жанның болғанын қалайды. Достық – сенім мен құрметке негізделген ерекше қарым-қатынас. Ол өмірді мағыналы, жарқын әрі қызықты ете түседі.

“Сенің досың бар ма?” деген сұраққа жауап беру үшін алдымен “нағыз дос” деген ұғымды түсіну қажет. Нағыз дос – тек жақсы күндерде ғана қасыңда жүретін адам емес. Ол сенің қиын сәттеріңде қолдау көрсетіп, қателіктеріңді ашық айта алатын, ал жетістіктеріңе шын жүректен қуана білетін жан. Мұндай достық шынайы сенімге, өзара түсіністік пен құрметке негізделеді.

Менің Сұлтан есімді досым бар. Біз 14 жылдан бері доспыз, оның орны мен үшін ерекше. Қазіргі уақытта ол Алматыда оқып жүрсе де, бір-бірімізге әрдайым қолдау көрсетеміз. Балалық шақтағы қызықтарымызды әлі күнге дейін күліп еске аламыз. Осындай естеліктер біздің достығымызды одан әрі нығайтады.

Түйіндей келе айтарым, “сенің досың бар ма?” деген сұраққа жай ғана “иә” немесе “жоқ” деп жауап беру жеткіліксіз. Себебі достық – жай ғана қарым-қатынас емес, ол адам өмірін толықтыратын маңызды құндылық. Егер сіздің шын досыңыз болса, оны бағалап, құрметтеңіз. Достықты сақтауға күш салыңыз. Адал досы бар адам – шынымен де ең бақытты жан.

Балауса БЕЙСЕНБЕК,
Журналистика бөлімі,
1-курс студенті.



Сәттіғұл Сәрсенбай:

«Түркі тарланы» – болу үлкен жауапкершілік жүктейді»

Оқу ордамызды өткен «Түркі тарланы – 2025» байқауы өз мәресіне жетті. Биылғы жылдың жеңімпазы – «Теология» факультетінің 1-курс студенті Сәттіғұл Сәрсенбай. Біз жеңімпазбен сұхбаттасып, әсері мен алдағы жоспарлары жайлы сұрадық.

Сәттіғұл – Шардара өңірінің тумасы. Ол бұл мәртебелі атаққа ие болу оңай болмағанын жеткізді. Сәттіғұл Сәрсенбай бұл атақтың өзі үшін мақтаныш қана емес, үлкен жауапкершілік екенін де атап өтті. Өйткені, әрбір атақтың өз салмағы бар.

– «Түркі Тарланы» – тек сыртқы бап емес, ішкі рухтың, мақсат пен жігердің көрінісі. Бұл атақты алу арқылы мен өзіме деген сенімділікпен қатар, осы атқа лайық болуға деген ұмтылысты да сезіндім. Енді мен бұл атаққа шын мәнінде лайық болуға тырысамын. Себебі, әрбір атақ – адамның тек өткенін емес, болашағын да көрсетеді. Ендігі жерде осы деңгейден, абырой биігінен төмендемеуім керек деп түйдім», - деп пікір білдірді.

Байқау үш кезеңнен тұрды. Қатысушылар бірнеше сыннан өтіп, өз өнері мен білімін қатар көрсетуі тиіс болды. Жас жеңімпаз бұл жолдағы ең үлкен қиындық уақыт тапшылығы болғанын жасырмайды.

– Байқауға қатысу барысында ең үлкен қиындық – уақыт тапшылығы болды. Бір уақытта сабақ, дайындық, күнделікті жұмыстар мен жеке істерді қатар алып жүру оңай болған жоқ. Оның үстіне уақыт та шектеулі еді. Әр қатысушының өз таланты мен ерекшелігі бар, олардың арасынан қара үздіріп, көзге түсу үшін көп еңбектенуге тура келді. Дайындық кезінде уақытыңды дұрыс бөліп, қобалжуды жеңу, шаршасаң да тоқтамау – бәрі бәрі де қажы-

рлы еңбекті талап етті. Дегенмен, сол қиындықтар мен үшін үлкен тәжірибие болды, дейді ол бізбен әңгімесінде.

Байқау Сәттіғұлдың жеке өміріне де үлкен өзгеріс әкелген. Ол бұл жолда жаңа достар тауып, рухани байығанын ерекше атап өтті. «Байқауға қатысу жеке өміріме үлкен әсер етіп те жатыр. Ең бастысы, жаңа достар мен таныстар таптым. Қатысушылардың барлығымен өте жақын дос болып кеттік. Бұл маған достықты, адамгершілікті, өзара қолдауды, бағалауды үйретті. Сондай-ақ, жаңа адамдармен танысу, әртүрлі пікірлер мен көзқарастарды тыңдау менің ой-өрісімді кеңейтті. Барлық қиындықтар мен жеңістерімізді бірге бөлісу, бір-бірімізге қолдау көрсету – бұл байқаудың ең үлкен сыйы болды.

Көрермен бізді сахнада қарсылас деп танығанымен, біз бір-біріміз үшін тілеулес те бола білдік».

Жеңімпаз ретінде ол «Dollar Travel» агенттігінің атынан Катар еліне саяхатқа жолдамаға ие болды. Жас студент бұл сапардан үлкен үміт күтеді.

– Мен Катарға сапарымнан ең алдымен жаңа тәжірибие мен көкжиектерді күтудемін. Бұл сапар

мені халықаралық деңгейде жаңа адамдармен танысуға, олардың мәдениетін, дәстүрлерін және кәсіби тәжірибелерін көруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бұл сапар менің болашақ жоспарларыма үлкен әсер етуі мүмкін, өйткені әр елдің өзіне тән ерекшеліктері бар. Катарда алған әсерлер мен білімім мені болашақта әлемдік деңгейде ойлауға, жаңа идеялар мен мүмкіндіктерді зерттеуге жетелеуі ықтимал. Мүмкін, осы сапардан кейін менің жобаларымда немесе кәсіби ізденіс жолымда үлкен өзгерістер мен жетістіктер орын алатын шығар. Бұл сапар мені болашақтағы мақсаттарыма жетуге шабыттандырады деп ойлаймын, деп ағынан жарылды.

Сөз соңында Сәттіғұл Сәрсенбай өзіне қолдау білдірген барша университет ұжымына, тілеулес достарына ризашылығын білдірді. Оның айтуынша, бұл жеңіс – жеке жетістік қана емес, артында тұрған ұстаздарының және жанашыр жандардың ортақ еңбегі мен сенімінің жемісі екенін айтты.

Әңгімелескен:
Нұрғайша ҚАЙБУЛЛАЕВА,
Журналистика бөлімі,
1-курс студенті.

Нұрай Жұпарбек:

«Бегім сұлу» — тектілік пен нәзіктікті көрсете алатын ару»

Оқу ордамазда жақында ғана дүбірлі «Түркі тарланы — Бегім сұлу» байқауы өткені барша оқырмандарға мәлім. Біз осы дүбірлі додада топ жарып, бас жүлдені қанжығасына байлаған сұлу әрі сымбатты, ақылы мен парасаты жарасқан, халқымыз айтатындай «ақылына көркі сай» болып өнерімен көзге түскен — Жұпарбек Нұраймен сұхбаттасқан едік.

Нұрай — болашақ экономист. Ол сабақты үздік оқумен қатар, өзін студенттік өмірдің бел ортасында көрсетіп, болашақта жан-жақты дамыған, еліміздің зерделі мамандары ретінде қоғамға үлесін қосуды көздейді.



— Нұрай, алдымен өзіңізді таныстырып өтсеңіз.

— Атым-жөнім — Жұпарбек Нұрай Жанботақызы. Қазіргі таңда университеттің Экономика, басқару және құқық факультетінде «Есеп және аудит» мамандығы бойынша 2-курс студентімін. Жасым — 19-да.

— Байқауға қатысу туралы ой қайдан пайда болды?

— Университетке алғаш аяқ басқан жылы бұл байқау туралы алғаш рет естідім. Ол кезде «Бегім сұлу» атағы мен үшін жай ғана сұлулық символы емес, нағыз ақыл мен парасаттың, өнер мен мәдениеттің көрінісі іспетті ерекше мәртебе болып көрінді. Сол сәттен бастап бұл байқауға қатысу — менің алдағы жылдарға қойған мақсаттарымның бірі болды. Алайда кастинг жарияланған кезде түрлі ойлар мазалап, сенімсіздік басым түсіп, бастапқыда қатыспау туралы шешім қабылдадым. Өз-өзіме: «Мүмкін, келесі жылы байқап көрермін...» — деп, өзімді жұбатуға тырыстым. Бірақ сол түннің өзінде көп ойландым. Іштей бір күш мені алға жетелеп, «Егер дәл қазір қадам жасамасаң, кейін өкінуің мүмкін» деген ой маза бермеді. Ақыры ішкі сенім мені жеңіп, келесі күні кастингке баруға бел будым. Сол сәттен бастап бәрі өзгерді. Байқауға қатысу — менің өз-өзімді танып, жаңа қабілет-

терімді ашуға, өзіме деген сенімді нығайтуға үлкен мүмкіндік болды. Қазір сол батыл шешімім үшін өзіме алғыс айтқым келеді. Бұл тек байқау емес, менің өмір жолымдағы маңызды белестердің бірі болды.

— Дайындық қалай өтті? Сен үшін, ең қиын, ең тартысты сайыс қайсы болды?

— Байқауға дайындық екі аптаға созылды. Әр күн сайын 4-5 сағат дайындық жүргіздік. Ең қиыны — күн сайын 8 см биік өкшемен жүру болды. Сонымен қатар, өнер көрсету бөлімінде трюкты би билеу керек болды. Дайындықта біраз сәтсіз шықты, алайда сахнада барлығын жақсы алып шықтық.

— Жеңіске жеткенде қандай сезімде болдыңыз?

— Шыны керек, жеңіске жеткен сәтте алғашында өз құлағыма өзім сенбедім. Жүрегім дүрсілдеп, сахнада тұрған сәттегі тыныштықпен бірге ішкі толқынысым күшейе түсті. Өз атым аталғанда, бір сәтке ештеңе естімегендей, орнымнан қозғала алмай, таңырқап тұрып қалдым. Айналамдағы адамдардың қошеметі мен ду қол шапалағы ғана сол сәттің шынайы екенін аңғартқандай болды. Лента мен сәукелені таққан сәтте ғана ішімдегі толқыныс ерекше қуанышқа ұласып, «иә, бұл менің арманымның орындалған сәті» деген сезім бойымды би-

леді. Бұл — тек сыртқы жеңіс емес, менің ішкі өз-өзімді жеңген, сенім мен табандылықтың жемісі болған жеңісім еді. Сол сәттегі сезімді бір сөзбен сипаттау мүмкін емес — ол қуаныш, толқыныс, мақтаныш пен алғыс сезімдерінің ерекше үйлесімі болды. Бұл өмірімдегі ұмытылмас, ең жарқын сәттердің бірі болып қала бермек.

— Сіздің ойыңызша, нағыз «Бегім сұлу» қандай болуы керек?

— Нағыз «Бегім сұлу» — қарапайым, сабырлы, жылы жүзді, өзін-өзі ұстай білетін, тектілік пен нәзіктіктің үйлесімін көрсете алатын ару болуы керек.

— Болашақта осындай байқауға қатысқысы келетін қыздарға қандай кеңес берер едіңіз?

— Бірінші кезекте — өздеріне сену керек. Дайын болса да, болмаса да, тәуекел етіп көру керек. Бірі болмаса, бірі сәтті болар. Ең бастысы — кейін өкінбейтіндей қадам жасау.

— Уақытыңды бөліп, сұхбат бергеніңе көп рақмет!

Сұхбаттасқан:
Аружан УБАЙДУЛЛА,
Журналистика бөлімі,
1-курс студенті.

СТУДЕНТТІК КӨШБАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Қазақстанның жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің белсенділігін арттырып, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселесі бүгінде маңызды рөл атқарып отыр. Осы тұрғыда Қазақстан студенттер Альянсы еліміздегі ең ірі және белсенді республикалық ұйымдардың бірі.

2005 жылы Тараз қаласында құрылған Қазақстан Студенттерінің альянсының тарихы қазіргі таңда 20 жылды құрап отыр. Бүгінде ұйымның қарқынды дамуымен бүкіл Қазақстан бойынша көптеген филиалдар ашылды. Әрбір ЖОО-да Қазақстан студенттерінің Альянсы өз бөлімшесін ашып, жастардың қоғамдағы орны мен рөлін арттыру үшін түрлі шаралар өткізіп келеді. Жиырма жылда Альянс жастардың құқықтарын қорғау және олардың болашағына бағытталған көптеген жобалармен танымал болды. Ал оның біздің университеттегі филиалы жайлы айтқанда, өрлеуді, дамуды байқағандаймыз.

– Студенттері Альянсының негізгі мақсаты студенттердің құқықтарын қорғау, олардың әлеуметтік, құқықтық мәселелерін шешуге ықпал ету және жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту. Біз бұл бағытта тұрақты әрі жүйелі жұмыс істеп жатырмыз. Ясауи университетінде ашылған филиал осыдан бір жыл бұрын, 2023-2024 оқу жылынан бастап жұмыс істей бастағанына қарамастан, белсенді жұмыс істеуде. Филиал осы уақыт аралығында біршама жетістіктерге қол жеткізді. Атап өтсек 2024-жылы өткен «YASAWI STAR» қорытынды кешінде Қазақстан Студенттерінің



Альянсы «Жыл жаңалығы 2024» номинациясын жеңіп алды. Бұған қоса «AntiParaCraft 2024» республикалық сайысында 20 жоғары оқу орны арасынан 4-орынға ие болды. Түркістан қаласындағы ауқымды мәдени іс-шараларға қатысып, ерікті қызмет атқару да ұйымның қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырды. Студенттердің мақсаты тек білім алу ғана емес, қоғам өмірінде де белсенді болу керектігін көрсететін шара болды. Министр Саясат Нұрбектің қатысуымен өткен Студенттік кеңеске қатысу да ұйымның жоғары деңгейде танылуының тағы бір белгісі. Студенттердің өз пікірін білдіріп, маңызды мәселелерді талқылауға қатысуы – бұл сөзсіз жастардың қоғамдағы орнының айқын екендігінің көрінісі – дейді филиал төрағасы Аружан Бақытжан.

Қазақстан Студенттерінің Альянсы – бұл тек ұйым емес, ол жастардың болашағын бірге құруға бағытталған бірегей алаң. Ұйым төрағасы Аружан Бақытжанның айтуынша ұйымның белсенділері ретінде жеке тәжірибе жинап, әртүрлі форумдар мен кездесулерге қатысу арқылы жастардың

сұрақтарына жауап табуға, оларды шешуге көмектесіп жүр. Қазақстан Студенттерінің Альянсы өз мүшелерін шынайы әрекетке шақырып, олардың ішкі дауысы естілетін алаңдарды ұсынады. Бұл әрине тек бастаманың алғашқы қадамдары ғана. Алдағы уақытта ұйым еліміздегі жастардың құқықтарын қорғаудағы жұмысын одан әрі күшейтетінін айтуға толық негіз бар. Қазақстан Студенттерінің Альянсы – еліміздің студенттік қозғалысының маңызды бөлшегі. Ұйым студенттердің құқықтары мен мүдделерін қорғау жолында табанды еңбек етіп, жастардың қоғамдық белсенділігін арттыруға айрықша үлес қосып келеді. Ахмет Ясауи университетіндегі филиалдың қысқа уақыт ішінде жеткен жетістіктері ұйымның болашағы жарқын екенін дәлелдейді. Алдағы уақытта да Қазақстан Студенттерінің Альянсы студенттердің сенімді тірегіне айналып, жастардың қоғамдағы орны мен рөлін нығайта береді деген сенім мол.

Диана СЕРІКҚЫЗЫ,
Журналистика бөлімі,
4-курс студенті.

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҰНЫ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: ӘТІРГҮЛ ТӘШІМОВА

Медиа және PR орталығы

Тілшілер:
Журналистика кафедрасының
студенттері

Көркемдеуші редактор:
Асқат СӘДІБЕКОВ

Фототілші:
Нақып ШЫНТЕМІРОВ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 компьютерлік беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. **Байланыс телефоны:** 8/72533/6-38-13, ішкі (1020) **Эл.пошта:** a.yassau@mail.ru